

МЕДИА ЭТИКА

Жас мамандардың тәжірибесінен

Залал келтірмеу, мүдделі топтарға
сезімталдықпен қарау





Дәрістің негізгі терминдері

Репортер – ақпарат қызметінің негізгі құрамы. Оқиға барысын қадағалап, жедел сұхбат алып, репортаж жүргізетін журналист.

Мораль (латын *moralis* – әдет-ғұрып) – адамдар мен әлеуметтік бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін қағида; адамның мінез-құлқын реттеу қызметтерін атқаратын әлеуметтік институт.

World Trade Center Дүниежүзілік сауда үйі (ағылш. – *World Trade Center*) – Нью-Йорк қаласында орналасқан жеті ғимараттан құралған кешен. Авторы америкалық сәулетшісі – Минору Ямасаки. 2001 жылы 11 қыркүйекте ланкестік шабуылдан кейін мұнаралар жермен жексен болды.

Оқиға: сарбаз, қыз, алкоголь және қызыл шам

2007 жылғы 29 желтоқсанда таңертең Эль Пасода қаласында (Техас штаты) 19 жастағы Валери Таламантес бағдаршамның қызыл шамында тұрған еді. Кенеттен оның көлігінің артынан белгіленген 60 миль/сағат жылдамдықпен келе жатқан бір жүк көлігі келіп соғады. Оның қасында тұрған басқа бір көлік те зардап шегеді. Таламантестің көлігінің сау-тамтығы қалмайды. Жедел жәрдем оны дереу ауруханаға жеткізеді. Ертеңінде Валери көз жұмады.

Жүк көлігінің жүргізушісі – жергілікті Блисс Фортының сарбазы штаб-сержант Эдисон Байас. Оның Иракта әскери борышын атқарып қайтқанына он күн болған еді. Полиция оны мас күйінде абайсызда кісі өлтіру айыбымен қамауға алады. Бір жарым жыл созылған сот процесінде, Байастың қорғаушысы оның ауыр соққы салдарынан, жүйкесіне зақым келгенін дәлелдей отырып, әскери дәрігерлердің бұл диагнозды анықтамағанын айтады. Адвокаттың айтуы бойынша, ол Таламантестың көлігін соғар алдында, жүйкесі сыр беріп, өзін-өзі игере алмай қалған. Бірақ прокурорлардың пайымдауы бойынша, Байастың бұрыннан ішімдікке қатысты проблемасы болған: екі рет тұтқындалып, төрт рет наша қолданғаны үшін, әскери наркодиспансерге жіберілген. Байастың сот отырысын Эль Пасодағы KDBC-TV арнасының тілшісі Рамон Эррера бақылады. Ол Техас Мемлекеттік Университетін осыдан алты ай бұрын бітіріп, CBS корпорациясының бөлімшесінде жарты күндік тарифпен жұмыс істеп жүрген болатын. Жаңалықтар департаментінің бюджеті қысқартылып, жалғыз тілші ретінде Эррера сот ғимаратына жіберіледі. Сот басталғаннан кейін, сот хатшысы медиа қызметкерлеріне округтық прокурордың сотта бағдаршамда орналасқан камера түсірген бейнежазбаны таяу арада көрсететіндігін айтады. Бағдаршамның қызыл жарығына өтіп кететін жүргізушілерді ұстау үшін орнатылған камераға жүк машинасының Таламантестің көлігін қалай соққаны және қиылысқа дейін сүйреткені көрсетілген видео жазба жазылған. Репортерлерді бұл жаңалық қатты толқытады. Алайда не полиция, не округтық прокурор репортерлерге видеоматериалдарды көрсетпейтіндігі белгілі болады. Мұнымен қоймай, сот залына камера алып кіруге тыйым салынады. Ең сенімді дәлелді көрермендеріне көрсете алмайтындары үшін репортерлер мазасыздана бастайды. Соттың бұқараға тарауы тек бір ғана камераға түсіріліп, Эль Пасоның бүкіл төрт арнасына беріледі. Бұл сот ғимаратында іс процесін терезеден камераға түсіру әдеттегі жағдай болатын. Эррераның айтуынша, соттың көпшілігі бұндай әрекетке тыйым салмайтын. Сот залының үлкен экранында апаттың видеосы көрсетіле бастағанда оператор камераны терезе арқылы экранға көздеп, түсіре бастайды. Газеттер мен сайттардың фотографтары оны камераларына тартып алады. Видеожазба түрлі түсті болғанымен, ұсақ детальдарды ажырату мүмкін емес. Себебі апат таң сәріде, қараңғы кезде болған. Дегенмен видеожазда соққының өте анық бейнеленгені соншалық, қазылар видеоны көргенде эмоцияларын жасырмады. Байас дірілдеп, көзін бір сүртіп алды.

Тығырық: бұл бейне материалды қолданбасаңыз бола ма?

Округтық сот бейнематериалды көргеннен кейін тыңдауды түстен кейінге қалдырады. Түстен кейін сотқа қайтып келген репортерлер таңғы оқиғаны әңгіме етті. Жарақат алған



адамның әкесі ортаға шығып, репортерлерге өтінішін білдірді: «Білемін, бұл, әрине, сіздердің жұмыстарыңыз, бірақ мына бейнежазбаны көрсетпесеңіздер бола ма?» – деген ол бұл бейненің Валери Таламантестың достары мен жанұясына өте қатты әсер ететіндігін түсіндірді. Араларындағы әңгіме өте сыпайы түрде өтті. Репортерлер уәде бере алмайтындарын білдірді, себебі шешім қабылдайтын редакцияның басшылары болатын. Мұндай жауап Эррераны уайымға салды. Бірақ бұл алаң – репортерлердің жауабына қатысты емес, өзін құрбан болған қыздың әкесінің орнына қойып, қаншалықты ауыр болатынын сезінгенінен еді.

Ой құралы: Шындықты айту ма, әлде зиян келтіру ме?

Дәрігерлер Гиппократ антын: «бастысы – зиян келтірме» деген сөздермен бастайды. Өйткені дәрігерлердің бір ғана қате әрекеті науқастың өмірін қиюы мүмкін. Сол сияқты журналистердің де бір сөзі мен жазуы орны толмас өкінішке апарып соқтыруы ықтимал. Халықаралық журналистер қауымдастығының этикалық кодексі де мұны растайды. Сол этикалық кодекске сай, алғашқы принцип – шындықты іздеп, басқаларға жеткізу. Екінші принцип – залалды барынша азайту. Таламантес отбасының қарапайым адамдар екені журналистік этиканың одан да қатал стандарттарын қажет етеді.

Таламантестің өлімі осы отбасын көпшіліктің назарына шығарды. Алайда бұл олардың танымалдылыққа ұмтылғандығынан емес қой. Бейнені сот залында отырған әр адамның көруіне рұқсат етілді. Дегенмен оны бүкіл әлемге жаю – бір басқа мәселе. Оның үстіне қазалы отбасы видеоны таратпау туралы өтініш айтып отыр. Залалды барынша азайту ұстанымы журналистикада шындықты жеткізумен бірге жүреді. Бағдаршамдағы камерадан алынған бейне Байасқа қарсы істе маңызды рөл атқарды, өйткені онда Байас көлігінің жылдамдығы мен оның Таламантес көлігін соққан күшін көруге болады. Бұл мәлімет теледидар станцияларының осы оқиғаны халыққа жаюына түрткі болды. Бұл бейне сонымен қатар хабарға деген ықыласты арттырды. Алайда Эррераның есінде қалған ең басты мәселе – видеода істің маңызды элементтерінің көрсетілгендігі. Бейнені эфирге шығару – адамдарға байқаусызда кісі өлтіру ісінің қалай болатынын түсіндіруге көмектесті. Залалды барынша азайту ұстанымындағы басты нәрсе – мүдделі тараптардың кім екенін анықтау. Бұл жағдайда Таламантестер мүдделі тараптарға жатады. Журналист осы екі тарапқа келетін зиянды қарастырып, этикаға қайшы келмейтін шешім қабылдауы керек. Мысалы, Таламантестерге келетін зияны қаншалықты ауыр? Отбасының кейбір мүшесі бұл бейнені сот залында көрген болар және теледидардан көрсеткен уақытта алғашқы қорқыныш сезімі азайған болар. Көрермендер бұл оқиғаның маңызын бейнені көрмей-ақ түсіне ала ма? Бұған қоса репортерлер бейнені көрсетер алдында көрермендерге ескертеді. Оны көру я көрмеу енді көрерменнің өз еркінде. Көптеген көрермен қорқынышты бейнелерді көруді ұнатса да, журналистердің ол адамдардың қалауын орындауы міндетті емес.

Шешім: барлығын көрсет!

Эррераның айтуынша, жаңалықтар директоры мен продюсері видеоны «аздап қорқынышты» деп бағалады. Видеода қаза болған адам мен қанның көрінбейтіні видеоны толықтай эфирге шығаруға мүмкіндік береді.

Эррера бұл видеоны көрсетпеу туралы өтінішін жеткізген әке мен бұның салдарынан тууы мүмкін эмоциялық ауыртпалық жайлы айтты. Алайда директордың оларға жауабы дайын еді: «Ендеше теледидар көрмеңіздер!». Эррера директормен дауласқан жоқ: «Бәлкім, дұрыс айтасыз», – деді. Бейнежазба сол түнгі жаңалықтарда толығымен көрсетілді. Алдымен Эррера округтық прокурордың осы видеоны дәлел ретінде ұсынғандығы туралы айтты. Соған қоса көрермендерге графикалық видеоның көрсетілетіндігі ескертілді. Аталған бейне бұдан кейін де бірнеше рет пайдаланылды, телестанция апатқа қатысты жаңа ақпараттар пайда болған кезде оның қалай болғанын көрермендердің есіне салуы үшін, қайталап беріп жатты. Эррера видеоны қолданудың «дұрыс еместігін» іштей түсінсе де ол және оның басшылары оның ақпараттық



құндылығы жоғары деп есептеді. Сот ғимаратындағы репортерлер телестанциялардың бұл материалды қолдану мүмкіндігі жоғары екендігін айтады. Олардың бастықтары бұл мүмкіндікті жібермейтіні анық.

Салдар: екінші рет ойлану мүмкіндігі берілмейді

Сот процесі жалғасып жатқанда Эррера қаладағы басқа станция репортерлерімен сөйлесті. Олардың айтуы бойынша, барлық жаңалықтар бөлімі басшысының ойы бір жерден шығып тұр. «Видеоны толықтай көрсету керек, өйткені сот процесінде көрсетілетін ең басты материал – видео». Оған қоса, барлық телеарна басшыларының Таламантестің «видеоны қолданбаңдар» деген өтінішіне айтқан жауабы бірдей болды: «Ешкім көруге мәжбүрлемейді». Эррераның айтуынша, репортерлердің арасында ешкімнің осы шешімге байланысты басқа ойы болмады. Өйткені олар видеоны қолданбаймыз деп уәде бермеген, сондықтан өздерін қандай да болсын этикалық қарама-қайшылықтардан ада сезінді.

Қоғам тіпті бұл видеоны көруге ықыласты емес еді. Станцияның жауапты қызметкерлері көрермендерден кері реакция күтсе де, Эррераның айтуы бойынша, ешкім кері реакция танытпады, ешкім қоңырау шалмады, поштаға да хат жолданбады. Тіпті Таламантестің отбасы мүшелерінің өзі бұл видеоға қатысты пікірлерін білдірмеді. Олар өткенді қайта еске алмаған жөн деп ұйғарды. «Ертеңінде сот залында Валеридің әкесі журналистердің барлығымен жылы амандасты», – деп еске алады Эррера. Байас Валерия Таламантесті өлтірді деп айыпталып, 15 жылға түрмеге қамалып, оған 10,000 АҚШ доллары көлемінде айыппұл салынды. Ол жоғары инстанцияларға шағымданғанымен, оның өтініші қанағаттандырылмады. Осы оқиға туралы материал дайындау Эррера секілді жас репортерге үлкен тәжірибе болды және оны оқиғаның осылай аяқталғаны қуантты. «Бұл оқиғаны осылай шешкеніме өте қуаныштымын. Бір ғана өкінетінім, видеоны станциядан тезірек алып тастап, оны елден бұрын онлайн жариялауға асықпағаным», – дейді кейінірек жас журналист.

Енді жағдайды өзгертіп көрейік. Сіз оқиға болған басқа бір жерге барасыз. Сол жақта бес жасар бала жол апатында қайтыс болғанын көресіз. Полиция қызметкерлері өз жұмыстары біткенге дейін баланың денесін жауып қояды. Камераңызды алып суретке түсіргелі жатқаныңызда баланың әкесі келіп, «фотоға түсіруге болмайды» деп камераны қолымен жабады. Мұндай жағдайда не айтар едіңіз? Шындықты жариялау мен зиянды азайтудың арасындағы тепе-теңдікті қалай ұстайсыз? Екі «дұрыс» шешімнің арасындағы шиеленіс этикалық дилемма тудырып, сіздің шешім қабылдауыңызға себеп не болғанын анықтап және сол себептерді басқа адамдарға түсіндіруіңізді қалайды.

Осындай апаттарды қалай жария ету керектігін Пойнтер Институты, ал Дарт Орталығының журналистика және жарақатқа байланысты қағидаларын сайттарынан таба аласыз. Журналистика және адалдық жайындағы дискуссияларды оқу үшін digitaljournalist.org онлайн журналды қараңыз. World Trade Center ғимаратынан 9 қыркүйекте 200 адам қайтыс болған. Американың көптеген теледидарлары олардың суреттерін көрсетпеу керек деп шешкен болатын. Өйткені адамдарға ауыр тиюі мүмкін еді. Осы жағдай жайлы «The falling man» атты деректі кинода түсірілді.

Дәрісімізде мүдделі топтарға залал келтірмеудің қазақстандық кейстерін қарастырсақ. Қазақ этикасы «әдеп», «мораль» «адамгершілік» сияқты ұғымдар қолданыла береді және оларға әртүрлі анықтамалар беріледі. Этика үшін игілік негізгі ұғым болды және бола береді. Өйткені оның басты мақсаты – адам өміріндегі қайырымдылық пен зұлымдықтың қайнар көзі мен табиғатын, себептері мен тетіктерін анықтау. Журналистиканың этикалық қағидаттары БАҚ аудиториясына залал келтірмеуге, мүдделі топтарға сезімталдықпен қарауға шақырады. Қазақстандық журналистер этика кодексінің Әлеуметтік жауапкершілік бабы. Журналист қоғамның моральдық және этикалық қағидаттарының нығаюына ықпал етеді. Дегенмен осы қағиданы ұстануда көптеген БАҚ редакторлары оқиғадан сенсация іздеуден және асығыс ақпарат тарату әдебінен арыла алмауда. 2013–2017 жылдары Елге кеңінен сериялық жол-көлік оқиғаларымен «Үсенов феномені» немесе «Мистер X» танылған оқиға БАҚ және әлеуметтік желілердегі резонансты ақпаратқа айналды. Оқиғада кісі өлімі және алты жолаушы жарақат



алды. Vox Populi редакциясы оқиғаны бүге шүгесіне дейін зерттеу және жариялауда кәсібилік танытты. Дегенмен фоторепортаждар арасында зардап шеккендердің түрлері не жарақаттанған жолаушы денесі бар кадрлар орын алды. Сондай-ақ бұл оқиғада анти-кейіпкерді жазалау процесі елдегі резонансты іс саналды.

2018 жыл, наурыз айы: «Бала зорланды». Оңтүстік Қазақстан облысы ОҚО-да мектеп оқушылары 7 жасар баланы зорлап келген деп айыпталып жатыр. Жағдай Сарыағаш ауданына қарасты Абай ауылында тіркелген. Nur.kz порталында: «Сарыағаш ауданының тұрғыны Шарипа Батырбекова немересін жоғары сыныптың оқушылары бірнеше мәрте зорлап келгенін айтқан», – деп жәбірленуші баланың жеке басына қатысты дерек ашық жарияланды. Кәмелет жасына толмаған баланың аты-жөні, туысының аты-жөні туған ауылы, мектебенің аталуы қаншалықты дұрыс? Этикалық ережелелерге сай келе ме?

2018 ж. 17 маусым. Елдегі темір жол апаты туралы БАҚ редакциялары оқиға орнынан ақпараттар таратты. 12 жасар бала қайтыс болып, 11 бала жарақат алған қайғылы оқиғада Алматыдағы өнер академиясының баспасөз қызметкері де болды. Апат жағдайында жолаушылар журналистер келгенге дейін видео, фотоматериалдардың желілерде жылдам таратты. Азаматтардың этикалық-моральдық жауапкершілікке түсіністікпен қарамауы, жолаушылардың апат жағдайындағы эмоциясы мен қиналғаны ақпараттық себеп болмауы тиіс деп санайды. Дәрісте журналистердің не редакциялардың залал келтірмеуі, мүдделі топтарға сезімталдықпен қарауы жайлы этикалық-моральдық жағдайларымен таныстырдық. Медальдің екі беті болатыны сияқты оқиғаларды аудиторияға жеткізуде визуалды деректер ақпараттық этикалық галереясын жасайтыны анық.

Өзіндік жұмыс тапсырмалары

1. Репортерлер оқиға болған жерден репортаж жасай отырып, сүреңсіз көріністерді жариялау қажет пе, жоқ па, шешіп алуы қажет пе?
2. Егер жариялайтын болса, онда шындықты айқындай отырып, зиянды азайту үшін не істеу керек?
3. Көптеген радио хабары, басылымдар және онлайн шығатын жаңалықтар жол-көлік оқиғасынан алынған суреттерді жаңалықтарда көрсетуді тоқтатты. Сіз қолдайсыз ба?
4. Оқиға орнындағы суреттердің ақпараттық құндылығын ескере отырып, кейбір апаттарды жариялауға тура келсе не істейсіз?
5. Сіз алып бара жатқан денені фотоға түсіріп алдыңыз. Видеоны жарияламасаңыз да оны түсіру этикалық тұрғыдан қаншалықты дұрыс?
6. Материалдарыңыздың барлығын жарияламайтыныңызды білсеңіз, оқиғаны түсіре берген дұрыс па?
7. Қаза болған адамның түрін көру сізге оқиғаны жақсырақ түсінуге көмектесе ме?

Бақылау жұмыстары

1. Сіздіңше бәсекелестік өзге де нақты мақсаттар секілді, заңды журналистік құндылыққа жата ма, әлде бұл әшейін өмір заңдылығы ма?
2. Фотожурналистердің «Қазір түсіріп, ал сосын таңдайсың» ұстанымына көзқарасыңыз.
3. Фотожурналистер мен операторлардың еңбегі қаншалықты бағалы?
4. Фото немесе видеоларды мүлдем түсіру мүмкін емес жағдайларды білесіз бе?
5. Егер сізден «неге басқа мемлекетте қанға боялған баланы түсіруге болады да, ал өз елімізде қайтыс болған баланың суретін көрсетуге болмайды» деп сұраса, не деп жауап берер едіңіз?
6. Басшылар сіз дайындаған бір сюжетті немесе толық бейне жаңалықты эфирге жариялау туралы шешім қабылдаса, эфирге шыққан жаңалық үшін сізден этикалық жауапкершілікті алып тастай ма?



Кітап: **Медиа этика. Жас мамандардың тәжірибесінен**

Дәріс: **18. Залал келтірмеу, мүдделі топтарға сезімталдықпен қарау**

7. World Trade Center ғимараттарының құлауы туралы видеоны қайта-қайта қолдану этикалық тұрғыдан дұрыс па?

Дереккөздер

1. www.spj.org/ethicscode.asp.
2. <http://www.poynter.org/how-tos/newsgathering-storytelling/diversity-at-work/29537/tips-for-covering-tragedy/>.
3. <http://dartcenter.org/content/tragedies-journalists>.
4. <http://digitaljournalist.org/issue0612/the-changing-problem-of-a-journalist-s-loyalty.html>.
5. <http://topdocumentaryfilms.com/911-falling-man/>.